

АЗАМАТТЫҚ СОТ ІС ЖҮРГІЗУІНДЕ ІС НЕГЕ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРЫЛАДЫ?



ҚҰЛЫШЕВ АНУАР
ҚАБДУАЛИУЛЫ

Ш. УАЛИХАНОВ
АТЫНДАҒЫ КӨКШЕТАУ
МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
«ТАРИХ ПЕН ЗАҢ»
ФАКУЛЬТЕТІ БМОЗО100
«ЗАҢТАНУ» МАМАНДЫҒЫ
БОЙЫНША 1 КУРС
МАГИСТРАНТЫ

Қазіргі уақытта сотқа түсетін дұрыс жазылмаған талап арыздардың салдарынан талапкер сергелдеңге түседі және керекті бағалы уақытынан айырылады. Ақыр соңында сотқа, сот қызметкерлеріне шағымданып, өкініштерін білдіріп жатады. Сондықтан, осы жағдайларды болдырмау мақсатында арыз берушілер оның дұрыс жазылуын анық білуі қажет. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 150-151 баптарына сәйкес, талап арыз сотқа жазбаша және электрондық үлгіде беріледі.

Азаматтық іс жүргізу кодексінде талап арыздарды қараусыз қалдырудың тәртіптері нақты көрсетілген. Арызда арыз берілетін соттың, талап қоюшының атауы, оның туған күні, айы, жылы, тұрғылықты жері, тіркелгені туралы мәліметтер немесе, егер талап қоюшы ұйым болса, оның тұрған жері, салық төлеушінің тіркеу нөмірі мен банктік реквизиттері көрсетіледі. Сондай-ақ, талапкер өзінің құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін және оның талап қою талаптарын бұзудың немесе бұзу қаупінің мәнін көрсетіп, талаптарын негіздейтін мән-жайлар, және бұл мән-жайларды растайтын дәлелдемелерін, егер талап қою бағалауға жатса, талап қоюдың бағасын, сонымен қатар арызға қоса тіркелетін құжаттардың тізбесін көрсетуі тиіс. Талап арыз берген кезде сондай-ақ, жауапкердің тегі, аты және әкесінің аты (егер, ол жеке куәлікте көрсетілген болса), туған күні, айы, жылы, оның тұрғылықты, нақты тұрған жері, ал, егер жауапкер заңды тұлға болып табылса, онда оның атауы, орналасқан орны толықтай жазылуы керек. Сонымен қатар, егер талапкерге бұл деректер белгілі болса, қосымша тіркелген салық нөмірі (СТН), талап қоюшының құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін және оның талаптарын бұзудың немесе бұзу қаупінің мәнін, талапкер өзінің талаптарын негіздейтін мән-жайларды растайтын дәлелдемелер, егер талап қою бағалауға жатса, талап қоюдың бағасы, талап арызға қосылатын тіркелетін құжаттардың тізбесі көрсетілуі тиіс. Талап арызда дауды дауды шешуге бағытталған өзге маңызы бар мәліметтер, және де талапкердің өтініші баяндалуы мүмкін.

Прокурор заңмен белгіленген мүдделер үшін беретін өтінішінде қандай құқықтың бұзылғанын негіздеп, заңға немесе өзге де нормативтік актілерге сілтеме жасауы қажет. Прокурор азаматтардың мүдделеріне қатысты өтініш жасаған жағдайда талап арызда азаматтың өзінің талап қоюы мүмкін еместігінің себептерін айтуы, арызға, әрекетке қабілетсіз адамның мүдделеріне арыз беретін жағдайларды қоспағанда, азаматтың сотқа талап қоюмен жүгінуге келісімін растайтын құжатты қоса тіркеуі қажет.

Қазіргі модификациялана беретін уақытқа сай электронды жүйелерінің дамуына сәйкес электрондық құжаттар реттелімі өтіп жатыр. Сол себепті арыз электрондық құжат нысанында беріле алады. Ал, арыз электрондық құжат нысанында берілген жағдайда от талап қоюшының сандық қолтаңбасымен куәландырылады. Талап арызға жауапкерлер мен үшінші тұлғалардың санына

ГЛОССАРИЙ

На русском	На казахском	На английском
Заявление — ходатайство лица о содействии в реализации его прав и свобод или прав и свобод других лиц либо сообщение о нарушении законов и иных нормативных правовых актов, недостатках в работе субъектов, рассматривающих обращения, должностных лиц, либо критика их деятельности	Арыз — адамның өз құқықтары мен бостандықтарын немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда жәрдем көрсету туралы өтінішхаты не заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің бұзылуы, өтініштерді қарайтын субъектілердің, лауазымды тұлғалардың жұмысындағы кемшіліктер туралы хабарлама не олардың қызметін сынау	Application
Судья — носитель судебной власти; профессиональный судья, назначенный или избранный на эту должность в установленном законом порядке	Судья — сот билігінің иесі; осы лауазымға заңда белгіленген тәртіппен тағайындалған немесе сайланған кәсіпқой судья	Judge
Суд — орган судебной власти, любой законно учрежденный суд, входящий в судебную систему Республики Казахстан, рассматривающий дела коллегиально или единолично	Сот — сот билігі органы, Қазақстан Республикасының сот жүйесіне кіретін, істі алқалық немесе жеке қарайтын кез келген заңды түрде құрылған сот	Judgement
Гражданский процесс — в соответствии с настоящим кодексом это проводимые действия при разбирательстве гражданского дела	Азаматтық іс жүргізу — осы Кодекске сәйкес қылмыстық сот ісін жүргізу барысында жүргізілетін іс-әрекеттер	Civil procedure
Электронный документ — документ, в котором информация представлена в электронно-цифровой форме и удостоверена посредством электронной цифровой подписи	Электрондық құжат — өзіндегі ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат	Electronic document
Представитель — лица, уполномоченные представлять законные интересы потерпевшего, гражданского истца, гражданского ответчика в силу закона или соглашения	Өкіл — заңның немесе келісімнің күшіне орай жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің заңды мүдделерін білдіруге уәкілдік берілген адамдар	Authorized agent
Протест — акт реагирования участников процесса на действия, прокурора или суда, вносимый в пределах их компетенции и в порядке, установленном настоящим Кодексом	Шағым — процеске қатысушылардың прокурор немесе соттың іс-әрекетіне өздерінің құзыреті шегінде және осы Кодексте белгіленген тәртіппен енгізілген көңіл аудару актісі	Notice of opposition

қарай талап арыздың көшірмесі, мемлекеттік баж төлеуін растайтын құжат, өкілдің өкілеттігін куәландыратын сенімхат, талапкер өз талаптарын негіздейтін мән-жайларды растайтын құжаттар, басқа қатысушы тұлғалар үшін аталған құжаттардың көшірмелері, оны дауға салған жағдайда нормативтік актісі нормасының мәтіні, талапкердің мерзімді кейінге қалдыру, ұзарту, сот шығындарын төлеуден босату немесе олардың мөлшерін азайту туралы, талап қоюды қамтамасыз ету, дәлелдемелерді талап ету туралы өтініші жазылмаса, басқалары да қоса тіркеледі.

Электрондық құжат нысанында берілетін талап арызға жоғарыда жазылған құжаттардың электрондық нысандағы көшірмелері қоса беріледі. Бұл ретте, электрондық үкіметтің төлем шлюзі арқылы төлемді жүзеге асыруды куәландыратын электрондық құжат мемлекеттік баждың төленгендігін растайтын құжат болып табылады.

Тағы айта келетін сот өндіріс тәжірибесінде көрініс табатын проблемаларының бірі азаматтардың талап арызды сотқа өкілдері арқылы беруі — оларды қараусыз қалдыруға басты себеп болып отыр. Өкілдерге берген нотариалды куәландырылған сенімхаттарда талап қоюшының атынан арыз берушіге қол қою құқықтарын да беретінін нақты көрсетпейді. Шын мәнінде, талап арызды берушілер өкілдеріне берілген сенімхат арқылы оларды «сотта азаматтық іс жүргізуге байланысты барлық өкілеттіктермен қамтамасыз еттік» деп ойлайды. Бірақ, сот сенімхатта талап арыз беру және қол қою құқығы нақты көрсетілмесе, оның өкілімен қол қойылып берілген талап арызды қараусыз қалдыруға міндетті. Себебі, жоғарыда айтқандай, заң нормаларына сәйкес, талап қоюшының атынан әрекет етуші өкілдің барлық құқықтары атап көрсетілуі тиіс.

Ал, талап қоюшы заңды тұлға болса, талап арызға сол заңды тұлғаның

1. Е.О. Егембердиев «Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу құқығы»: Оқулық. — Астана: Фолиант, 2006.
2. Х. Баймолдина Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: в двух томах. — Т.1. Общая часть: Учебник. — Алматы: КазГЮА, 2001.
3. Х. Баймолдина Гражданское процессуальное право Республики Казахстан: в двух томах. — Т.2. Особенная часть: Учебник. — Алматы: КазГЮА, 2001.
4. Х. Баймолдина Разбирательство гражданских дел в суде первой инстанции: Научн.-практич. пособие. — Алматы: Жеті Жарғы, 2002.
5. М.С. Нәрікбаев Азаматтық құқықтарды сот арқылы қорғау. — Алматы: Борки, 1998. — 176 б.

басшысы немесе соған өкілеттігі бар адам ғана қол қоюы және талап арызға міндетті түрде заңды тұлғаның жарғы мен құрылтай шарты, басқа да заңды тұлға өкілінің өкілеттілігін дәлелдейтін құжат қосылып тіркелуі қажет. Іс жүзінде талап арыз берушілер сот отырысына талап қоюшы қатыспаса, «отырыс өткізілмеуі тиіс» дегенді ойға түйіп, себепсізден-себепсіз келмей қалатындары бар. Егер өздерінің қатысуынсыз сот отырысын өткізе беруге өтінім жасаса да жөн ғой. Олай істемейді. Сөйте тұра сотқа келіп, «талап арыз берілгеннен кейін оны неге қараусыз қалдырдыңыздар?» деп, кінәлап, шағымдарын айтып жатады. Ал, мұндай жауапсыз әрекеттердің сот жұмысын күрделендіре түсері сөзсіз. Осы жерде бір айта кетерлігі, егер талап қоюшы іске қатысты барлық дәлелдемелерін ұсынған болса, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы өтінім беруге құқылы.

Азаматтық істерді сотта қараусыз қалдыру соттың кеңесу бөлмесінде шығарылған сот ұйғарымы арқылы жүзеге асырылады. Ұйғарымда міндетті түрде істі қарауға кедергі болған мән-жайлар, оларды қалай жою керектігі көрсетіледі. Егер де талап қоюшы осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген дауды алдын ала сотқа дейін шешудің міндетті тәртібін сақтамаса, сондай-ақ, арызды әрекетке қабілетсіз адам берсе, сот ұйғарымда мемлекеттік бажды қайтаруды және талапты қамтамасыз ету жөнінде қолданылған шаралардың тоқтатылатындығын көрсетеді.

Өздерінің қатысуынсыз істі қарауды өтінбеген тараптар екінші шақыру бойынша сотқа келмегендігіне байланысты, ал, жауапкер істі мәні бойынша қарауды талап етпегендігіне орай қараусыз қалдырылған сот ұйғарымы, егер, талап қоюшы не жауапкер өздерінің сот отырысында болмауының дәлелді себептерін, айталық, ауырғандығын, іссапарда болғандығын, сотқа шақыру қағазын алмағандығын, т.б. растайтын негізді дәлелдер ұсынып, істі қайта жандандыру туралы өтінім жасаса, сол ұйғарымды шығарған сот арқылы сот ұйғарымы бұзылып, іс қаралуға қайта тағайындалуға жатады. Өтінім жасаушы тұлға ұсынып отырған істі қарауға қатыспағандығының дәлелділігі негізсіз болған жағдайда, сот өтінімді қанағаттандырмайды. Мұндай өтінімді қанағаттандырудан бас тартқан ұйғарымға жеке шағым беріліп, прокурор ұйғарымға жеке наразылық келтіруі мүмкін.

Істі қараусыз қалдыру талап қоюшыға сондай талаптармен сотқа қайта жүгіну құқығынан айырмайды, ол үшін алдыңғы жіберілген олқылықтар түзетілуі тиіс. Талап қоюшының талап арызды қайтарып алу туралы өтініш беруіне, ал, жауапкердің істі мәні бойынша қарауды талап етпеуіне байланысты істі қараусыз қалдырумен, талап қоюшының өз талабынан бас тартуының және ол бас тартуды соттың қабылдауына байланысты істің қысқартылуының құқықтық салдарлары екі түрлі. Бірінші жағдайда, талап қоюшы, сотқа сол талаптармен, сол жауапкерге, сол даумен тағы да жүгіне алады. Ал, іс талап қоюшының талаптан бас тартуына байланысты сот ұйғарымымен қысқартылған жағдайда, талап қоюшы екінші рет сотқа жүгіне алмайды.

Summary

The article pointed out that many of the problems encountered in civil proceedings can be regulated, neutralized and eliminated. In this case we see requirements for drawing up the statement of claim. According to the author the theme of abandonment of the civil case without traffic remains one of the actual problems.



Д. С. САГНАЙ

МАГИСТРАНТ 2 КУРСА
КАЗГПУ

РОЛЬ АДВОКАТА В СОБИРАНИИ ДОКАЗАТЕЛЬСТВ: ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОЙ РЕГЛАМЕНТАЦИИ



Формирование правового государства делает необходимым существование сильной профессиональной защиты на всех стадиях уголовного судопроизводства. Особенно важным это представляется на стадии предварительного расследования, где формируется обвинение и происходит собирание основного доказательственного материала.

По вопросам участия защитника в уголовном процессе предпринято значительное число исследований. Они касаются сущности самой функции защиты, ее зависимости от обвинения, взаимоотношений защитника и подзащитного и возможности альтернативной позиции защитника, его особого места среди субъектов доказывания.

В то же время в науке уголовного процесса идут дискуссии относительно возможности участия адвоката-защитника в доказывании по уголовному делу.

Это объясняется тем, что до настоящего времени не выработана единая позиция ни среди теоретиков, ни среди практиков, не найдена «золотая середина» в противоположных точках зрения представителей противоборствующих сторон уголовного процесса – обвинения и защиты.

Состязательность уголовного судопроизводства в полной мере может быть реализована только в судебных стадиях, поскольку только на них может быть реализовано истинное, а не провозглашенное разделение функций обвинения, защиты и разрешения дела.

Элементы состязательности, закрепленные в УПК применительно к стадии предварительного расследования, не позволяют обеспечить равенства прав следователя и защитника в процессе собирания доказательств. Речь может идти лишь о возможном преодолении существенного разрыва между возможностями первого и второго.

Полномочия адвоката – защитника в уголовном судопроизводстве вытекают, в свою очередь, из принципа обеспечения права на защиту. Право на защиту является международным правовым принципом. Он закреплен в актах национального права, а также в Международном пакте о гражданских и политических правах [1], Конвенции о защите прав человека и основных свобод [2] и ряде других международных документов.

С другой стороны, задуманное как воплощение принципа состязательности на стадии предварительного расследования, адвокатское расследование может обернуться своей противоположностью, а именно уголовным преследованием в отношении подозреваемого, обвиняемого, поскольку проводя его, защитник может невольно выявить обстоятельства отягчающего характера. Поэтому полагаем, что закрепление в законе норм о парал-

1. Международный пакт о гражданских и политических правах, принятый резолюцией 2200 А (XXI) Генеральной Ассамблеи от 16 декабря 1966 года [Электронный ресурс] // Официальный сайт «Әділ сөз». – Режим доступа: // <http://www.adilsoz.kz/law-and-mass-media/legislation/international>.
2. Конвенция «О защите прав человека и основных свобод» от 04.11.1950 // «Бюллетень международных договоров», N 3, 2001.